

## SUMMARY

In this article the important question of radioactive and geological salt of mountainous rocks is pointed out.

**А. БӘЙТЕРЕКОВА**

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МОДАЛЬДЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ**

Ақтөбе “Дүние» университеті, Ақтөбе қаласы

Модаль етістіктер тек кана іс-әрекетті білдірмейді, сондай-ақ мүмкіндік, кездейсоқтық, қажеттілік және басқа іс-әрекетке қатынасты білдіреді. Іс-әрекеттің өзі **to** демеулігінсіз модаль етістігінен кейін орналасқан мағыналық етістіктің инфинитивті /қимылсыз етістігі/ арқылы көрсетіледі. Модаль етістіктерін кейде жеткіліксіз етістіктер деп атайды, өйткені олар жекеше және көпше түрінде барлық жақ үшін бірдей формада жұмсалады және олардың шак формалары мен бұйрық рай формасы жоқ. Модаль етістіктердің **Present Infinitive**-мен (**Active and Passive**) тіркесіп келуі осы шак пен келер шакқа жатады. Модальды етістіктерді қазақ тіліне аудару үшін шылаулар көмегімен аударамыз.

**Шылау** дегеніміз – тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер бар. Ондай көмекші сөздер **шылаулар** деп аталады. Шылаулар зат есімнің немесе есімдіктің сөйлемдегі басқа сөздерге қарым-қатынасын білдіретін көмекші сөздер болып табылады. Ағылшын тілінде септік жалғауларының болмауына байланысты, сөйлемдегі сөздер тәртібі мен шылаулар маңызды қызмет атқарады.

Ағылшын тіліндегі модальды етістіктер қазақ тіліне төмендегі шылаулар көмегімен аударылады олар:

**1. Септеулік шылаулар** – белгілі-бір септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен байланыстырады. Септеулік шылаулар мыналар: **үшін,сайын,туралы,арқылы,сияқты,жайлы,тәрізді, бұрын,бірге,сон.**

**2. Демеулік шылаулар** – өз шылауында тұрған сөзге немесе сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, күмән сияқты қосымша мағына үстейді. Демеулік шылаулар мыналар: **ма, ме, ба, бе, па, пе, та, те, ғана.**

**3. Жалғаулық шылаулар** – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді тең дәрежеде байланыстырады. Жалғаулық шылаулар олар: **мен, бен, пен, біресе, бірақ, алайда, әрі, дегенмен, әйткенмен, өйткені.**

Ағылшын тілінде **May**-ден гөрі **Might** өткен шақта күмәндануды көбірек білдіреді.

**May+ Present Infinitive** өтінішті, рұқсат беруді, мүмкіндікті, болжамды, күмәндануды білдіреді. **Мысалы:**

**1. May I have a cup of coffee, please?**

**Бір шыныаяқ шай болады ма?**

**2. Tom may be studying in his room.**

**Том мүмкін өз бөлмесінде оқып отыр.**

Бірінші сөйлем өтінішті білдіреді. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударған кезде демеулік шылауын қолдану арқылы аударамыз. Ал, екінші сөйлем мүмкіндікті білдіреді және ол қазақ тілінде сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

**Can, Could**

**Can+ Present Infinitive** мүмкіндікті немесе қабілеттілікті білдіреді.

**Мысалы : 1. Can you get to work by subway ?**

**Сіз жұмысыңызға метромен бара аласыз ба ?**

**2. He could refuse to come to your party.**

**Ол сіздің кешіңізге келуден бас тартуы мүмкін.**

**3. Can you help me with my homework?**

**Сіз маған үй жұмысын орындауға көмектесе аласыз ба?**

Бірінші сөйлемде **ба** шылауы сөйлемге сұрау мағынасын үстеп тұр, бірақ оны басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ. Екінші сөйлемде **мүмкін** сөйлемге болжамды мағына мен қосымша мән үстеп екінші сөзбен сабақтастыра байланыстырып сөйлем құрап тұр. Ал үшінші мысалдағы **ба** шылауы сөйлемге сұрау қосымша мағынасын үстеп, **аласыз** сөзімен тіркесіп тұр.

### **Must**

**Must+ Present Infinitive** бұйрықты және сұраулы сөйлемдерде қажеттілікті, міндеттілікті сондай-ақ кеңес бұйрықты білдіреді.

**Mustn't (must not)** болымсыздық формасы тиымды (болмайды) дегенді білдіреді, яғни **may** етістігінде мағынасы жағынан карама-қарсы келеді. Қарсылықты мағына (керек емес, қажет емес) **needn't (need not)** етістігі арқылы көрсетіледі. **Must** тек қана осы шаққа, кей жағдайларда ғана келер шаққа жатады. Міндеттілікті білдіру үшін өткен келер шақта **must**-тің орнына **have to+Present Infinitive** (сәйкес шақтық формада) қолданылады.

**Мысалы; He had to take a taxi to get to the airport on time.**

**Әуежайға уақытысында жету үшін оған такси ұстауға тура келді.**

Бұл мысалда үшін деген шылаудың толық мағынасы жоқ, бірақ сөйлемде өзі қатысты сөздерге қосымша мән үстеп, белгілі-бір қызмет атқарып тұр. Сондай-ақ атау септікті есім сөздерден кейін қолданып бастауыш қызметін атқарып тұр.

### **Need**

**Need+ Present Infinitive (Active and Passive)** тек қана осы шақ формасында болымсыз және сұраулы сөйлемдерде қолданылады.

### **Should, would**

**Should**, және **would** етістік формалары көмекші етістіктердің функциясын ғана орындамайды, сондай-ақ модаль етістіктер ретінде қолданылады.

**Would** модаль етістігі ретінде:

Іс-әрекеттің өткен шақта қайталануын, өтінішті, қалауды, тілекті білдіреді.

**Should-** модаль етістігі ретінде – өсиетті, кеңесті, міндетті деп аударылады.

Міндеттілік пен өсиетті білдіру үшін **should** модаль етістігі **ought to+Infinitive**-мен теңдей қолданылады.

**Мысалы: We agree with your suggestion that we should meet in Moscow to discuss outstanding matters.**

**Біз сіздердің ұсыныстарыңызбен келісеміз, өйткені Мәскеудегі кездесу барысында шешілмеген сұрақтарды талқылау үшін.**

Бұл мысалда **should-** модаль етістігі кеңес ретінде қолданылып тұр. Ал үшін шылауы сөз бен сөзді сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, үстеме мағына беріп, себеп-салдар мәнде байланыстырып белгілі-бір қызмет атқарып тұр.

Қорыта келгенде ағылшын тіліндегі модальды етістік арқылы жасалған сөйлемдерді қазақ тіліне аудару кезінде шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және толық мағыналы сөздің жетегінде қосымша мән үстей қолданылады.

#### ***Әдебиеттер:***

1. Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. М., 1995.
2. Рябцева Н.К. Новый словарь- справочник активного типа. М., 2002.
3. Арнольд И.В. Стилистика: Современный английский язык. М., 2002.
4. Исаев С.К., Назарғалиева Ж., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. – Алматы «Атамұра» 2002.
5. Б.Қисықова, А. Сыбанбаева. Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы. – Алматы «Санат» 1995.

## **РЕЗЮМЕ**

Трудности перевода модальных глаголов в английском языке на казахский.

## SUMMARY

This article is devoted to the difficulties of English modal verbs during translating into Kazakh.

**С.И. БУКТЫБАЕВА**

### **РОЛЬ ФИНАНСОВ В УПРАВЛЕНИИ ПРЕДПРИЯТИЕМ**

Актобинский университет «Дуние», г. Актобе

Роль финансов предприятий – это система управления финансами предприятия, предназначенная для организации взаимодействия финансовых отношений и фондов денежных средств с целью эффективного их воздействия на конечные результаты производства, устанавливаемая государством в соответствии с требованиями экономических законов.

Финансы предприятий должны способствовать наиболее полной и эффективной реализации финансами своих функций и их взаимодействию. Прежде всего с помощью механизма управления финансами предприятий достигается обеспеченность их необходимыми денежными средствами. При этом в рыночной экономике источником денежных средств предприятий служат собственные доходы, за счет которых должны покрываться все расходы. Дополнительная временная потребность в средствах удовлетворяется с помощью кредитов.

Функция обеспечения предприятия денежными средствами тесно связана с распределительной функцией финансов предприятий.

Распределительные отношения на предприятии оказывают очень сильное влияние на конечные результаты. На предприятии распределяется выручка от реализации продукции.